

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### тауарларды сатып алу туралы

<тауардың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17 тармағының 1) тармақшасына сәйкес <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <тауардың атауы> сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ сатып алу порталында тендер тәсілімен <тауардың атауы> (бұдан әрі - Тауар) сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі сомаға тендер өтінімін қабылдады.

1.2. Тапсырыс беруші тапсырады және төлейді, ал Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Тауардың бірлік бағасына, атауына, санына, жинақтылығына сәйкес Тауарды жеткізуге өзіне міндеттеме қабылдайды.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда көрсетілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- осы Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша).

### 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиынды (\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_

теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі Тауар құны, <және \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса)> кіреді.

Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Тауарды жеткізуге байланысты барлық шығындары кіреді.

Шарттың Жалпы сомасы Тауардың бірлігіне бағаны өзгертпестен сатып алынған тауарлардың нақты санына байланысты азаюы мүмкін. Осыған байланысты Тараптарға Шартқа қосымша келісім бекіту талап етілмейді.

Жеткізілген Тауардың нақты саны Тауарды қабылдау-өткізу актісінде (бұдан әрі - Акт) көрсетіледі.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісінше ресімделген төлем шоттарын және шот-фактураларды ұсынған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тауарды толық көлемде жеткізу фактісі бойынша Шарттың жалпы сомасының 100 % (жүз пайызы) мөлшерінде.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күні (Алматы қ. тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып, Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.7. Жеткізушінің тиісті түрде ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбауы немесе ұсынуы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

#### **3.1. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушіге Тауарды жеткізу барысын, Жеткізуші жеткізетін Тауардың сапасы мен санын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғалар туралы хабарлауға;
- 2) Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші жеткізген Тауарды Акт негізінде қабылдауға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес Шарт бойынша төлемді жүзеге асыруға;

4) Жеткізушіге Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуді Тапсырыс берушінің және Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап қайтаруға міндеттенеді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

### **3.2. Тапсырыс беруші:**

1) Тауарды қабылдау-өткізу процесінде Тауардың сапасына және санына оның техникалық ерекше нұсқамаға сәйкестігін растау үшін тексеруді жүзеге асыруға;

2) Жеткізушінің жеткізген Тауардың саны мен сапасына, Тауардың жеткізу барысын бақылайтын уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға;

3) Тауарды қабылдау-беру процесінде және кепілдемелік мерзімде Тауарда және (немесе) оның құрамдас бөліктерінде шала жұмыстар, ескертулер, жиынтықтылығы және (немесе) моделінің сәйкессіздігін, қателер, іркілістер, Тауардың жұмыс қабілеттілігіндегі жарамсыздықтар (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, оны, оның құрамдас бөліктерін бағасы мен тиісті сапасы бойынша (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) жаңа Тауарға ауыстыруды немесе Шартта белгіленген мерзімде ақауларды жоюды талап етуге не Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жібере отырып, Тауарды қабылдаудан және оған ақы төлеуден бас тартуға;

4) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды бағалауға және өз ұйғарымы бойынша, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болғанда Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуға;

5) Шарттың осы тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

6) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

7) егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы, не Шартта көзделген мерзімде және тәртіппен негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

### **3.3. Жеткізуші:**

1) Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес, Шартта көзделген санда, мерзімде және талаптарға сәйкес тиісті сападағы Тауарды жеткізуге;

2) Тараптар Актіге қол қойғанға дейін Тауардың жойылу, бүліну немесе кездейсоқ бұзылу тәуекелін көтеруге;

3) Тапсырыс беруші Тауардағы және/немесе оның құрамдас бөліктеріндегі ақауларды оны жеткізу, қабылдау-беру процесінде және кепілдік кезеңі ішінде анықтаған жағдайда, оларды өз қаражаты есебінен дербес жоюға және/немесе Тапсырыс берушімен келісілген, бірақ анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ақаулы Тауарды, оның ішінде оның құрамдас бөліктерін

бағасы мен тиісті сапасы бойынша ұқсас (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар), осы Техникалық ерекше нұсқаманың шарттарына сәйкес келетін жаңа Тауарға ауыстыруға;

4) кепілгердің (Жеткізуші) міндеттемесін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны беру арқылы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қою күнінен бастап 36 айдың ішінде Тауардың сапасына кепілдік беруге;

5) Шарттың әрекет ету мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара басқа біреуге бермеуге;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

10) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 3 % (үш пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде);

11) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған не Шарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде белгілі болған коммерциялық және (немесе) конфиденциалды ақпараттан басқа, өзге де ақпаратты жария етпеуге және құпия сақтауға;

12) Тауардың Шарт талаптарына сәйкестігін, Тауардың жеткізілу барысын, Тапсырыс берушіге Акті бойынша тиісінше берілуін және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген Тауарды жеткізуге байланысты барлық ілеспе қызметтердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті жауапты тұлғаларды тағайындауға (Шартқа № 2 қосымша);

13) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды өз бетінше көтеруге;

14) Тауарды жеткізуге және оны беруге байланысты шарттық міндеттемелерді орындау кезінде - Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға;

15) барлық қажетті жабдық пен оның құрамдас бөліктерін қоса алғанда, Акті бойынша жеткізілген және тиісінше табыс етілген Тауарға Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде - Тапсырыс берушіге кепілдік беруге:

- Тауар сапасына;

- Тапсырыс берушінің техникалық ерекше нұсқамасының талаптарына сәйкес келетін

кеңейтілген техникалық қолдауға ресми жазылуды ұсынуға міндеттенеді.

### **3.4. Жеткізуші:**

- 1) Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауар үшін төлем алуға.
- 2) Тауар бірлігінің бағасын өзгертпей жақсартылған сапалық сипаттамалары бар Тауарды жеткізуге **құқылы**.

## **4. ТАУАРДЫ ЖЕТКІЗУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ, ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

- 4.1. Тауарды толық көлемде жеткізу мерзімі/күні Шарт күшіне енген күннен бастап 65 (алпыс бес) күнтізбелік күн.
- 4.2. Тауарды жеткізу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай (Тапсырыс берушінің орналасқан жері өзгерген жағдайда - оның нақты орналасқан жері бойынша).
- 4.3. Жеткізуші жаңа Тауарды тасымалдау және сақтау кезінде кез келген зақымданудан сақталуын, сондай-ақ оны Жеткізу орнына дейін тұтас жеткізуді қамтамасыз ете отырып, оны толық көлемде жеткізуге міндеттенеді.
- 4.4. Тауарды жеткізу орнына дейін тасымалдауды Жеткізуші жүзеге асырады және төлейді, ал осыған байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.
- 4.5. Жеткізілген Тауар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген барлық параметрлер мен сипаттамаларға сәйкес келуі (Шартқа № 2 қосымша) тиіс.
- 4.6. Жеткізуші Тапсырыс берушіге Актіні 2 (екі) бірдей данада, төлем шотын және шот-фактураны қарауға және қол қоюға жібереді.
- 4.7. Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде Тапсырыс берушінің жауапты тұлғалары Жеткізушімен бірлесіп Тауардың Шарт талаптарына, Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкестігін тексереді және ақаулар болмаған жағдайда, Тараптар Актіге Тапсырыс беруші Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қол қояды.
- 4.8. Жеткізілетін Тауар Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) Тауарды қабылдау-беру процесінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші жеткізілген ақаулары бар Тауарды Актіде көрсету арқылы қабылдаудан бас тартады, бұл Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу және Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы тиісті дәлелді жазбаша хабарлама жіберу үшін негіз болып табылады.
- 4.9. Шарттың 4.8-тармағында көзделген жағдайда, Тапсырыс берушіден Техникалық ерекше нұсқама талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды қабылдаудан бас тартуды алған күні Жеткізуші дербес, өз қаражаты есебінен осындай Тауарды алып кетуді жүзеге асырады. Бұл ретте ақаулармен жеткізілген және әкетілмеген Тауардың сақталуы үшін жауапкершілік Жеткізушіге жүктеледі.
- 4.10. Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Актіде көрсетілген күн Тауарды жеткізу күні

болып есептеледі.

4.11. Тауарға меншік құқығы Жеткізушіден Тапсырыс берушіге Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап ауысады.

## **5. КЕПІЛДІКТЕР**

5.1. Жеткізуші Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған күннен бастап 36 айдың ішінде Тапсырыс берушінің ұсынған нысаны бойынша кепілгердің міндеттерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы Тауардың сапасына кепілдік беруге міндеттенеді.

5.2. Кепілдік мерзімі ішінде жеткізілген Тауарда ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге жазбаша хабарлама жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде оларды жоюға немесе ақаулы Тауарды осыған ұқсас бағадағы және тиісті сападағы (немесе жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) жаңа Тауарға ауыстыруды жүзеге асыруға міндеттенеді.

5.3. Ауыстырылған Тауардың немесе ақаулары жойылған Тауардың кепілдік мерзімі ақаулар жойылған немесе ақаулы Тауарды ауыстыру жүзеге асырылған мерзімге ұзартылады.

5.4. Жеткізуші Шартта белгіленген мерзімде ақауы бар Тауардың ақауын жоя алмаған немесе жаңа, бағасы бойынша ұқсас және сапасы жақсы (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыра алмаған/ауыстырудан бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен, Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда – Тауарды жеткізу күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) ақауы бар Тауарды ауыстыру немесе Тауардағы ақауды жою мерзімін бұзған жағдайда – ақаулы Тауарды бағасы және тиісті сапасы (не сапалық сипаттамалары жақсартылған) ұқсайтын жаңа Тауарға ауыстыру немесе Тауардағы ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген жұмыс күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшеріндегі, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Егерде ақауларды жою және (немесе) ақауы бар Тауарды жаңасына, бағасы және тиісті сапасы бойынша ұқсасына (не жақсартылған сапалық сипаттамалары бар) Тауарға ауыстыру мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда:

- Жеткізуші Тауарды қабылдау-өткізу барысында ақауы бар Тауар құнынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

- кепілдік мерзімі кезінде Жеткізуші ақауы бар Тауар құнынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді және Тапсырыс берушіге ақауы бар Тауар құнын қайтарады.

6.4. Шарт бойынша төлем мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ төлеуге тиіс сомадан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілмеген сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.10. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілмеген не уақтылы енгізілмеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.11. Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.12. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші шеккен нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.13. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.14. Осы Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда,

уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

## **7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

## **10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 2.1-тармағының үшінші бөлігінде және 10.1-тармағында көзделген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3 Тапсырыс беруші мына жағдайларда:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзушылықтар анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылғанда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

## **11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ**

11.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілдік міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

## 12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда жасалды.

## 13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

## 14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

### Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы >  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы >  
<Тапсырыс беруші нің ЖСК >  
<банк атауы>  
<Тапсырыс берушінің БСН>  
<Тапсырыс берушінің БСК>  
<Тапсырыс берушінің БЕК>  
**Тапсырыс беруші атынан**

\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

### Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Жеткізушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Жеткізушінің БСН>  
<Жеткізушінің БСК>  
<Жеткізушінің БЕК>  
**Жеткізуші атынан**

\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. - аты-жөні.

# ДОГОВОР

<идентификационный номер>

## о закупках

<наименование товара>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок <наименование товара> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

## 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок \_\_\_\_\_ разместил объявление о проведении закупок <наименование товара> (далее – Товар) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын), <без учета суммы НДС>.

1.2. Заказчик поручает и оплачивает, а Поставщик принимает на себя обязательство поставить Товар в соответствии с ценой за единицу Товара, наименованием, количеством, комплектностью, указанными в технической спецификации, в срок и на условиях, предусмотренных Договором.

